

**2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы**

***Күші жойған***

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 700 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 03 ақпанда № 5716 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 759 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 12.04.2017 № 759 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9987 нөмірімен тіркелген) және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 3-2-10/484 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері бекітілсін.
2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысы  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Р. Рүстемов*

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2017 жылғы "26" қаңтардағы  
№ 700 қаулысымен бекітілген

## Субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыттары	1 бірлікке арналған субсидия нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	
			бас, тонна	млн. теңге
<b>Мал шаруашылығы</b>				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	4000	10525	42,1
<b>Етті бағыттағы мал шаруашылығы</b>				
1. Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	18000	28091	505,6
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	20000	1110	22,2
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	154000	381	58,7
3. Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату				
1)	1- деңгей	300	650	195,0
2)	3-деңгей	100	1515	151,5
<b>Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы</b>				
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	20000	1100	22,0
2. Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	154000	80	12,3
3. Сүт өндірісінің құнын арзандату				
1)	1- деңгей	37	6150,1	227,5
<b>Қой шаруашылығы</b>				
1	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1000	10925	11,0
2. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	1500	33000	49,5
2)	асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық басы	1500	20000	30,0
3.	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	8000	5690	45,5
4. Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату				
1)	1-деңгей	200	80	16,0
2)	2-деңгей	100	50	5,0
<b>Жылқы шаруашылығы</b>				
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	40000	150	6,0
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	92	50	4,6
<b>Түйе шаруашылығы</b>				
1.	Асыл тұқымды түйелер сатып алу	37000	20	0,7
2.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	90	33	3,0
<b>Облыс бойынша барлығы</b>		<b>x</b>	<b>x</b>	<b>1408,2</b>

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

млн - миллион.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ